

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында шығарылған кітаптарды Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Кәсіпорын экономикасы және менеджменті» кафедрасымен оқу үрдісіне енгізу барысы





Экономикс Н.Грегори Мэнкью Марк П. Тейлор, 4-ші халықаралық басылым, 2019 жыл.

Бұл кітап – Мэнкьюдің классикалық еңбегінің бейімделген нұсқасы. Оқулықтың басты артықшылығы – автордың экономиканы оқырман көзқарасымен көрсететінінде. Зерттеулерде анықталғанындай, бұл оқулық қолдануға өте ыңғайлы және бизнеске бағдар бола алады.

- ҚарМТУ да барлық мамандықтар үшін «Экономика негіздері» пәнін оқу кезінде қолданылады.

Оқулық оқу процесіне, яғни дәрістер мен практикалық сабақтарда, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда кеңінен қолданылады.

- ❖ Экономикалық мамандықтар үшін келесі пәндерде қолданылады:

- Экономикалық теория барлық тараулар;


- Микроэкономика – 2-3, 5-7 тараулар

- Макроэкономика – 4, 8-14 тараулар

- - Кәсіпорын экономикасы – 3 тарау.

- Оқулықтың артықшылығы: әр тақырыптан кейін экономикалық терминдерге қысқаша анықтама берілген, өзіндік жұмыстың сұрақтары бар, тапсырма, сурет, кесте, ситуациалық есептер мен кейстермен қамтамасыз етілген. Оқулықты өте қарапайым түсінікті тілмен аударған!





Рикки Гриффиннің «Менеджмент» оқулығы алғаш рет 1984 жылы жарық көрген. Содан бері ол ондаған тілге аударылып, екі миллион данамен таралды. Оқулықтың қазақ тіліндегі алғашқы басылымы ағылшын тіліндегі он екінші басылым негізінде дайындалды.

Кітап менеджмент саласында қалыптасқан дәстүрлі түсініктермен қатар, жаңа ұғымдар мен тұжырымдарды да қамтиды. Менеджер жұмысына тікелей және жанама әсер ететін этикалық бақылау, қоғамдық жауапкершілік, менеджмент саласының жаһандық сипаты, цифрлық технологиялар, теория мен тәжірибенің ұштасуы сынды категориялардың әрқайсысы нақты кейстер негізінде түсіндіріледі

Экономикалық мамандықтарға «Менеджмент» пәнінен сабақ беруге толық қолданылады.

Қолданылатын тәсілдері: сату воронкасы, Project – based, learning, тренингтер, бизнес – ойындар .



Авторлары Джон Гэмбл , Артур Томпсон, Маргарет Питереф болып табылатын «Essentials of Strategic Management: The Quest for Competitive Advantage» – «Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа ұмтылу» оқулығы стратегиялық менеджмент принциптері мен талдау тәсілдеріне концептуалдық тұрғыда маңызды әрі мазмұнды әдістеме жасап ұсынған. Студенттерді қазіргі заманғы стратегиялық менеджменттің қыр-сырына баулитын ең озық түрлеріне, үздік әдіс-тәсілдеріне жан-жақты талдау, зерттеу жүргізеді. Әлемге әйгілі компаниялардың тыныс-тіршілігінен маңызды, қызықты мысалдар беріледі.



Авторы Мелисса А.Шиллинг болып табылатын «Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент» оқулығында инновациялық менеджмент стратегиялық процесс ретінде қарастырылады. Стратегиялық менеджмент процесін нақты көрсету үшін бәсеке динамикасы, бағалау стратегиясын қалыптастыру және стратегияларды жүзеге асыру мән-жайы автордың соңғы онжылдықтағы зерттеу жұмыстары негізінде жан-жақты баяндалады. ҚарМТУ Менеджмент мамандығының студенттеріне «Стратегиялық менеджмент» пәнінен толық көлемде қолданылады.




РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

КӘСІПКЕРЛІК

ТЕОРИЯ, ПРОЦЕСС, ПРАКТИКА



ENTREPRENEURSHIP

THEORY, PROCESS, PRACTICE

ДОНАЛЬД Ф. КУРАТКО

Дональд Куратконың “Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика” атты оқулығы кәсіпкерлік құбылысын жан-жақты зерттей отырып, студенттерді кәсіпкер болудың қыр-сырына үйретеді.

Бұл кітап ХХІ ғасырдағы экономикалық, қоғамдық және әлеуметтік дамудың басты қозғаушы күші болып саналатын кәсіпкерлік құбылысты теориялық және практикалық тұрғыдан зерделеуге арналған. Кәсіпкерлікті жете түсіндіру үшін оның негізгі кезеңдерін сипаттайтын бастау, жоспарлау, қалыптасу және даму сатылары жүйелі әрі дәйекті түрде талданған. Кәсіпкерлік идеяны нарыққа шығаруға қажет ойлау жүйесі мен инновацияның рөлі кеңінен ашып көрсетілген.

ҚарМТУ да барлық мамандықтар үшін «Инженерлік кәсіпкерлік», ал экономикалық мамандықтар үшін «Кәсіпкерлік», «Фирмаішілік жоспарлау», «Бизнес жоспарлау» пәндерін оқыту кезінде қолданылады.



Роберт Трагердің «Дипломатия: коммуникация және халықаралық тәртіп негіздері» кітабында дипломатиялық амал-тәсілдердің халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Автор жабық есік жағдайындағы әңгімелесудің халықаралық тәртіп орнату мен соғыстардың басталуына қалай түрткі болатынын ойын теориясына сүйеніп, нақты тарихи мысалдар көмегімен ашып көрсетеді.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығына «Мемлекет және бизнес» және барлық экономикалық мамандықтарға «Халықаралық экономика» пәндері бойына қолданылады. Заманауи концепциялар мен теорияларды критикалық сипатта талдауға, бағалауға мүмкіндік береді және сабақтарды тренингтер, жағдайлық есептер, бизнес ойындар, презентациялар мен кейс-стадилпарды қолдануға мүмкіндік береді.



ЛАРРИ А. ДИМАТТЕО

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ
ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА

ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ
ТҮРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУ



INTERNATIONAL
BUSINESS LAW AND THE
LEGAL ENVIRONMENT

A TRANSACTIONAL
APPROACH

3rd Edition

Ларри Алан ДиМаттеоның «Халықаралық бизнес құқығы және заңнамалық орта: транзакциялық тұрғыдан зерделеу» оқу құралының үшінші басылымында халықаралық деңгейде бизнес жүргізудің түрлі жолдары жан-жақты қарастырылады. Импорт пен экспорт, сауда-саттыққа қатысты дауды шешу, бизнес транзакцияларына қатысты күрделі мәселелер, халықаралық деңгейде бизнес жүргізудің құқықтық принциптері жүйе-жүйесімен баяндалады. Сондай-ақ, бұл еңбекте халықаралық деңгейде бизнес жүргізудің түрлі тәуекелдері (валюталық, құқықтық, қаржы-лық т.б.) мен стратегиялары (делдалдардың қызметін пайдалану, халықаралық банктермен бірлесе жұмыс істей білу, тікелей шетелдік инвестиция, контрсауда және халықаралық сатып алу-сату келісімшарттарын жасау т.б.) кәсіби һәм ғылыми тұрғыдан сараланып, екшеп көрсетіліп, деректер де молынан келтіріледі.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығына «Мемлекет және бизнес» және барлық экономикалық мамандықтарға «Халықаралық экономика» пәндері бойына қолданылады. Заманауи концепциялар мен теорияларды критикалық сипатта талдауға, бағалауға мүмкіндік береді және сабақтарды тренингтер, жағдайлық есептер, бизнес ойындар, презентациялар мен кейс-стадилпарды қолдануға мүмкіндік береді.

Авторы Стивен Роббинс пен Тимоти Джадж болып табылатын, «Ұйымның мінез құлық негіздері» кітабы қызметкерлердің мінез-құлқы әр алуан, әр адам жеке тұлға екенін ескеріп, оның тұлғалық ерекшелігі мен қызметі, ұйымның дамуына қосатын үлесі арасындағы байланысты басқару аса маңызды. Қарамағындағы қай қызметкер қандай мінез-құлқы көрсететінін, ол жалпы ұжымның қызметіне қалай әсер етіп, ұйымның табысқа жетуіне немесе кері ықпал ететінін білу – әр басшының, әсіресе HR-менеджердің міндеті.

Ұжымды дұрыс басқару, қызметкерлер мотивациясын арттыру, оған кері әсер ететін кертартпа элементтерді анықтау, олармен жұмыс істеу, үздік мінез-құлқы үлгілерін анықтап, оларды ынталандыру – психология, әлеуметтану және менеджмент тоғысындағы ілімді меңгеруді талап ететін күрделі жұмыс. Осы күрделі тақырыпқа арналған Стивен Роббинс пен Тимоти Джадждың әлемге танымал еңбегінің қазақ тіліне 14-басылымы аударылып отыр.

ҚарМТУ да «Менеджмент» мамандығын даярлауда «Персоналды басқару» пәні бойынша қолданылады. Сабақтарды тренингтер, жағдайлық есептер, бизнес ойындар, презентациялар мен кейс-стадилпарды қолдануға мүмкіндік береді.





Чарльз У.Л. Хилл , Томас Халттың «Халықаралық бизнес: Жаһандық нарықтағы бәсеке» оқулығы тұңғыш рет қазақ тіліне аударылды. Бұл – «Халықаралық бизнес» оқулығының 12-басылымы. Оқулықта халықаралық нарықтағы бәсекенің қыр-сыры терең зерттеліп, жаһандық және аймақтық мәселелер тең дәрежеде қарастырылған.

Жаһандық капитал нарығының тарихы, әлемдік нарықтағы құқықтық жүйенің қызметі, жаһандық сауда және инвестиция ағындары, халықаралық бизнестің құрылымы мен стратегиясы, қаржы менеджменті, халықаралық бизнес функциялары егжей-тегжейлі талқыланған. Осы тақырыптар әр тарауда кейстермен толықтырылып, теория мультиұлттық компаниялар тәжірибесімен өрнектелген.

"Халықаралық бизнес« оқулығын» «Әлемдік экономика», «Валюта-қаржылық және несиелік қатынастар» пәні бойынша қолданылады. Кітапта силлабусқа сәйкес келесі тақырыптар қарастырылған: 10-тарау Валюта нарығы, 11-тарау: Халықаралық валюталық жүйе« тақырыптары.

«Қаржылық есеп 2» және «ХҚЕС» пәндері бойынша кітаптың 6-бөлімі қарастырылған: "Халықаралық бизнестегі бухгалтерлік есеп және қаржы " бөлімі қарастырылған.

Филип Котлер мен Гари Армстронгтың «Маркетинг негіздері» оқулығы маркетингті жоспарлау процесінен бастап, тұтынушы мен сатушы арасындағы байланысты түбегейлі, егжей-тегжейлі қарастырады. Бұл іргелі еңбекте әр жылы жаңа пайда болған трендтер мен процестер сараланып, толықтырылып, қайта жазылған. Қазақ тіліне кейінгі 17-басылымы аударылып отыр.

Тұтынушы үшін құндылық қалыптастыру, тұтынушы тарту, оны ұстап тұру, тұтынушыны қандай да бір брендтің клиентіне айналдыру жолдары мен тәсілдері, әлемдегі, елдегі, қала берді қала мен аудандағы оқиғалар мен өзгерістерге ілесіп отыру, оларды өз пайдасына жарату, соған бейімдеп кампания ұйымдастыру, нәтижесін қадағалау – маркетинг мамандығының әр сатысы, әр қадамы нақты мысалдармен, кейстермен бекітіліп сипатталады.

❖ Экономикалық мамандықтар үшін «Маркетинг» пәні бойынша қолданылады

